ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №2, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №2, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_litsey@mail.kz

БҰЙРЫҚ

«20» 08 2026 жыл
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 57.
город Кызылорда

Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру туралы

2026-2027 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінің тиімділілігін арттыру, жалпы мемлекеттік стандарт талаптарын педагог қызметкерлердің тараптарынан орындалуын қадағалау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылардың білім сапасын арттыруда жазба сабақтарында оқушылардың орфографиялық сауаттылықтары және педагог қауымының оқушылардың дәптерлерін тексеруі нормативтік талаптарға сай болуын анықтау мақсатында 21-25 желтоқсан аралығында мектеп әкімшілік құрамы мен кәсіподақ ұйымы мүшелерінің қатысуымен зерделеу жұмыстары жүргізілсін. 8-11 сыныптар- БАблаев, А.Алиев, 5-7 сыныптар- Б.Жекенов, А.Менлибаева, 1-4 сыныптар А.Айдарбекова, Н.Айтбай.

2. Электронды күнделіктің сапалы толтырылуы, КТЖ-ның енгізілуі, үй тапсырмаларының берілуі, формативтік бағалау мен БЖБ және ТЖБ – ның баллдары мен бағаларының уақытылы қойылуын анықтау мақсатында электронды күнделікке зерделеу жұмыстарын жүргізу информатика пән бірлестік жетекшісі А.Әбішева мен бірлестік мұғалімдеріне тапсырылып, қорытынды анықтамасын 24 желтоқсанда Б.Аблаев пен Б.Жекеновке өткізу міндеттелсін.

3. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы, себепсіз сабақтан қалдырмаудың алдын алу, мониторинг жұмыстарын жүргізу 1-4 сыныптар аралығы-А.Айдарбекова, 5-7 сыныптар аралығы- А.Менлибаева, 8-11 сыныптар аралығы- А.Алиевке тапсырылсын.

4. Зерделеу жұмыстарының нәтижесі директор жанындағы кеңесте қаралсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Аблаев пен Б.Жекеновке жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры Б.Дуйсенбаев

«Бекітемін»
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры
Б.Дуйсенбаев

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2026-2027 оқу жылына жасалған

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

2026 жылғы 31 тамызда өткізілген №1педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 17-қосымша нысаны негізінде жасалынды

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді.

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп лицейі бойынша 2026-2027 оқу жылындағы МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже басшылықтың мектепішілік бақылау өткізу мазмұны мен тәртібін регламенттейді.

1.2. МІБ - білім беру үдерісінің жай-күйін, білім беру ұйымы қызметінің негізгі нәтижелерін диагностикалауға арналған басты ақпарат көзі. МІБ астарында әкімшілік мүшелерінің жетекшілік ету тәртібінде мектеп қызметкерлерінің ҚР, министрліктің, департаменттің, мектептің білім беру саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді ұстануын қадағалауды өткізу түсініледі.МІБ рәсімдерінен бұрын лауазымдық тұлғаларға МІБ өткізу бойынша нұсқау беру өткізіледі,

1.3. МІБ туралы ереже оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы педагогикалық кеңеспен бекітіледі.

1.4. Мақсаты:- Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру - Мұғалімдердің шеберлігін арттыру - Мектепте білім беру сапасын жақсарту.

1.5. Міндеттері:

- білім беру саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді бұзу және орындамаужағдайларын айқындау, олардың алдын кесу шараларын қолдану;
- бұзулардың негізін құрайтын себептерді талдау, олардың алдын алу бойынша шара қабылдау;
- педагог қызметкерлердің қызмет нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау;
- педагогикалық қызмет нәтижелерін зерттеу, білім беру ұйымындағы жағымды және оң өзгерістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату және кері тенденцияларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мектеп бойынша бұйрықтарды және өкімдерді жүзеге асыру нәтижелерін талдау;
- бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету,

1.6. Атқарымдары:- ақпараттық-талдамалы;- бақылаушы-диагностикалық;- түзетушілік-регулятивтік.

1.7. Мектеп директоры және (немесе) директордың орынбасарлары оның тапсырмасы бойынша немесе сарапшылар қызметкерлер қызметінің келесі нәтижелері бойынша МІБ жүзеге асыруға құқылы:

- ҚР білім беру саласындағы заңнамасын ұстану;
- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- каржылық және материалдық құралдарды нормативтерге сәйкес қолдану;
- білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді қолдану;
- бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іске асыру, бекітілген оқу кестелерін сақтау;
- мектеп жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және өзге жергілікті актілерді сақтау;
- оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу және оқу үлгерімін аралық бақылауды өткізу тәртібін сақтау;
- оқушылардың жекелеген санаттарына қосымша жеңілдіктерді және заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органының құқықтық актілерімен карастырылған материалдық камтамасыз ету түрлерін уакытында жеткізу;

(7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_litsev@

- мектеп оқушыларының және қызметкерлерінің денсаулығын коргау және нығайту мақсатында коғамдык тамақтану және медициналық мекеме ұйымдары бөлімдерінің жұмыс жасауы;
- мектеп директоры құзыреттілігінің шеңберіндегі өзге де мәселелер.

1.8. Мұғалім МІБ барысында бағалауда:

-мемлекеттік бағдарламалардың толық көлемде орындалуы (материалдың өтілуі, іс-тәжірибелік, бақылау жұмыстарын, экскурсиялар және т.б. өткізу);

- оқушылардың білім, машық, дағды және даму деңгейі; - оқушылардың дербестілік деңгейі; - оқушылардың жалпы оқу машықтарын, зияткерлік дағдыларын меңгеруі; - оқу үдерісінде оқушыларға сараланған тұрғыдан келу; - мұғалім мен окушының бірлескен қызметі;
- жағымды эмоционалды шағын ортаның болуы; - оқу материалының мазмұнын іріктеу машығы (косымша әдебиеті, ақпаратты, иллюстрацияларды және окушылардың білім жүйесін меңгеруіне бағытталған басқа материалды іріктеу);
- педагогикалық жағдайларды талдауға, рефлексияға, педагогикалық қызмет нәтижелерін өзіндік бақылауға қабілеттілігі;
- өз қызметін түзету машығы; - өз тәжірибесін жалпылау машығы; - өзіндік даму жоспарын құрастыру және жүзеге асыру машығы ескеріледі.

1.9. Мұғалімнің қызметін бақылау әдістері:

- сауалнама алу;- тестілеу:- әлеуметтік сауалдама;- мониторинг;- кадағалау:- құжаттамамен танысу;- сабактың өзіндік талдауын зерделеу;
- оқушылардың қызметі туралы әңгімелесу;- окушылардың оқу қызметінің нәтижелерін талкылау.

1.10. Оқу қызметінің нәтижелерін бақылау әдістері:

- кадағалау;- ауызша сауалнама; жазбаша сауалнама;- білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы);
- құрамдас тексеру;- әңгімелесу, сауалнама алу, тестілеу;- құжаттаманы тексеру.

1.11. МІБ жоспарлы немесе жедел тексерулер, мониторинг түрінде, әкімшілік жұмыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

- Жоспарлы тексеру түріндегі МІБ бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүзеге асырылады, ол мерзімділікті қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырғанда ұтымсыз қайталамаларды жояды. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық кеңес мүшелеріне тапсырылады.
- Жедел тексерулер түріндегі МІБ окушылардың және олардың ата-аналарының немесе өзге азаматтардың және ұйымдардың жүгінімдерінде көрсетілген бұзу деректерін анықтау, бұзулар туралы деректерді тексеру мақсатында, сондай-ақ білім беру үдерісі мүшелеріне қатысты жанжалды жағдайларды реттеу мақсатында жүзеге асырылады.
- Мониторинг түріндегі МІБ білім беру сапасын басқару міндеттерін тиімді шешу үшін ұйым туралы және білім беру үдерісінің нәтижелері туралы акпарат жинауды, жүйелі есепке алуды, өңдеуді және талдауды қарастырады (оқушылардың денсаулық жағдайы, тамақтануды ұйымдастыру, режімді орындау, атқарушылық тәртіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық шеберлік диагностикасы және т.б.).
- Әкімшілік жұмыс түріндегі МІБ-ды мектеп директоры немесе оның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқу үлгерімін ағымдық бақылау шенберінде оқу сәттілігін тексеру мақсатында және оқушыларды аралық аттестаттау мақсатында жүзеге асырады.

1.12. МІБ түрлері:- алдын ала - алдын ала таныстыру;- ағымдық - оқу-тәрбие үдерісін тікелей қадағалау;
- қорытынды - мектептің және педагогтардың тоқсандық, жартыжылдық, оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін зерттеу.

1.13. МІБ нысандары:- дербес;- тақырыптық;- сыныптык-жалпылаушы;- кешендік.

Электронная почта: 5_litse

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ 2026-2027 оқу жылы тамыз-қыркүйек

№ р/н	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылаудың түрі	Бақылаудың әдісі	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
			I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау							
1	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы	Жетіспейтін оқулықтармен оқушыларды қамту жұмыстарын жүргізу, кітапханашысының жұмысын жүйелеу	Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау, жетіспейтін оқулықтарды анықтау	Сыныптық-жалпылаушы	Байқау, әңгіме	Тамыз	Мектеп кітапханашысы	Пед кеңес	Хаттама	
2	Жалпыға бірдей міндетті білімен қамту айлығын өткізу. «Мектепке жол» акциясы	Оқушылардың мектепке тарту базасын анықтау және жасау, Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, «Мектепке жол » акциясын өткізу мақсатында	Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, «Мектепке жол » акциясын өткізу	Сыныптық-жалпылаушы	(талқылау) Анализ	Тамыз	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар А.Нұртанова Әлеуметтік педагог	Пед кеңес	Хаттама	

И.В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

АНЫҚТАМА

2026–2027 оқу жылының тамыз–қыркүйек айларындағы мектепішілік бақылау жұмыстары туралы

2026–2027 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес тамыз–қыркүйек айларында мектептің оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы, нормативтік құжаттардың орындалуы, педагогтердің құжат жүргізуі, білім алушылардың білім сапасы мен сабаққа қатысуы, әлеуметтік жағдайы және оқу кабинеттерінің дайындығы бойынша бақылау жұмыстары жүргізілді.

Тамыз айында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың оқулықтармен қамтылу жағдайы зерделеніп, жетіспейтін оқулықтарды анықтау және білім алушыларды қажетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Мектеп кітапханасының жұмысы жүйеленіп, оқулықтарды тарату және сақтау мәселелері бақылауға алынды.

Жалпыға бірдей міндетті біліммен қамту аясында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен және мемлекеттік қолдауды қажет ететін оқушылар анықталып, олардың тегін тамақтанумен қамтылуына қажетті құжаттар жинақталды.

Педагогикалық кеңесте 2026–2027 оқу жылында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттар, оқу жылының негізгі бағыттары мен міндеттері таныстырылды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралып, оқу бағдарламаларына сәйкестігі зерделенді. Пән бірлестіктерінің және әдістемелік жұмыстың жылдық жоспарлары бекітілді.

Педагогтердің оқу жүктемесі нақтыланып, пәндер бойынша сағаттардың бөлінуі қарастырылды. Біліктілікті арттыру курстарына қатысатын педагогтердің тізімі жасалып, жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Аттестаттаудан өтетін педагогтер анықталып, аттестаттау талаптары түсіндірілді.

Қыркүйек айында мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуіне бақылау жасалды. Электрондық журналдың толтырылуы, сабақ жоспарларының жүргізілуі, оқу бағдарламаларының орындалуы және педагогтердің құжаттамасы зерделенді. БЖБ, ТЖБ, зертханалық және практикалық жұмыстардың өткізілу кестелері қаралып, бекітілді.

Білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында кіріспе диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Оқу техникасы мен оқу жылдамдығы, негізгі пәндер бойынша білім деңгейі анықталып, білімдегі олқылықтарды толықтыру бағыттары белгіленді. Білім деңгейі төмен оқушылармен жеке және сараланған жұмыстар ұйымдастыру тапсырылды.

Қыркүйек айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің **«Мәңгілік ел – мәртебелі тіл»**, орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің **«Русский язык – язык дружбы»** тақырыптарындағы онкүндіктерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Қазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шаралар өткізіліп, білім алушылардың тілге деген құрметін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Мектепішілік және қалалық пән олимпиадаларына, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық басталды. Дарынды және қабілетті оқушылар анықталып, оларды олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындау жұмыстары жоспарланды.

«Жас маман мектебінің» жұмысы ұйымдастырылып, жас педагогтердің мектеп ұжымына бейімделуіне әдістемелік қолдау көрсетілді. Тәлімгерлер тарапынан жас мамандарға сабақ жоспарлау, құжаттарды жүргізу және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша көмек берілді.

Тәрбие бағыты бойынша оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті бақылауға алынды. Сынып жетекшілерінің сабаққа қатысу мониторингін жүргізуі, сабақ босататын оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыс жүргізуі қарастырылды. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстары да бақылауға алынып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың тегін тамақтануының ұйымдастырылуы зерделенді.

Сонымен қатар оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы тексерілді. Кабинеттердің жабдықталуы, қауіпсіздік және санитариялық талаптардың сақталуы, оқу құралдарының жеткіліктілігі қаралды.

Қорытынды: 2026–2027 оқу жылының тамыз–қыркүйек айларында мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес негізгі жұмыстар толық қамтылып, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасалды. Анықталған мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға тиісті ұсыныстар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Алдағы уақытта білім алушылардың білім сапасын арттыру, білімдегі олқылықтарды толықтыру, сабаққа қатысуды бақылау, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және оқушыларды олимпиадалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру жоспарлануда.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: **Б.Аблаев**

Б.Жекенов